

Білім беру бағдарламасының коды «**Актер өнері**»

Білім беру бағдарламасы «**Драма театр артисі**»

Талапкерлерге қойылатын талаптар:

ҚазҰӨУ колледжінің «Драма театры және кино артисі» мамандығына жалпы орта білімі бар талапкерлер оқуға тапсыра алады.

Мәдени дәрежесін, ойлау қабілетін, талғамын, жігер-қажырын, музыкалық қабілетін, дене сымбаттылығын көрсете білуі қажет. Тілі мен дауысы таза болуы шарт. Ән мен биге бейімділігі тексеріледі.

Талапкерге қимыл-координациясын, музыкалық ырғақты, оқыс құбылыстарға сай әрекет жасау (*реакция*), зейін мен зердесін тексеруге арналған жаттығулар беріледі. Ұсынылған шартты жағдайға байланысты этюд құрастырып, сезім мен сенімін көрсетуі тиіс. Аяқ астынан ойлап табу қабілеті мен ой жүйріктігі тексеріледі.

Талапкердің сахналық түр келбеті болуы тиіс, физикалық жағынан және сөз сөйлеу мәнерінен кемшіліктер болмауы керек. Тыңдау қабілеті, ырғақ, сезім, музыка, ән салу қабілеті болуы керек.

Талапкердің бойының биіктігі:

- Қыздар **155-160 см** кем болмауы керек.
- Ұлдар **160-170 см** кем болмауы керек.

1. Бірінші шығармашылық емтихан

- Әңгіме немесе ертегі, аңыздан үзінді (*классикалық және заманауи шығарма, үзіндінің басталуы және аяқталуы болу керек*) *Уақыты 3-5 минут.*
- Өлең - поэзия (*классикалық және заманауи авторлардан 1 немесе 2 шығарма*) *Уақыты 3-4 минут.*
- Мысал (*қосымша сықақ*) *Уақыты 3-4 минут.*
- Этюд (*шағын оқиғаға құрылған басы-аяғы бар көрініс*) *Уақыты 3-4 минут.*
- Пластикалық қимыл-әрекет (*би - ұлттық немесе заманауи, акробатикалық элементтер*)
- Ән салу (*халық әні, ретро әндер, классикалық әндер т.б. өз қалауы бойынша*)
- Аспапта ойнау (*мүмкіндігіне қарай*)
- Барлық шығармаларды жатқа орындау.

2. Екінші шығармашылық емтихан

- **Коллоквиум** (*шығармашылық емтиханның екінші кезеңі сұрақ-жауап, сұхбаттасу түрінде өтеді*) *Уақыты 6-8 минут.*

Талапкердің білімін, ой өрісін, дүние-танымын, талғамын тексеру мақсатында жан-жақты сұрақтар беріліп, сұхбат өткізіледі. Әлем әдебиеті мен өнер жайында (кино, театр, теледидар, бейнелеу өнері т.б.) білім деңгейі тексеріледі.

- **Бағалау критерийлері:**
Әр кезең жеке бағаланады.